Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

10 қыркүйек сенбі
№72 (1876)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

МЕРЕКЕЛІК МӘЗІР

Биыл Қызылорда қаласының күні кең көлемде аталып өтеді. Облыс орталығы жылмажыл даму мен өркендеудің, жасарудың даңғыл жолына түскендей. Сыр бойының бас қаласының мерейтойын тойлау осы айдың басынан бастау алады. Сыр жұртшылығы ай бойы қала күнін тойлайды.

ҚАЛА КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Қала күнін атап өту шаралары «Менің сүйікті қалам» тақырыбында республикалық мобилографтардың конкурсынан бастау алды. Сондай-ақ мереке қарсаңында А.Тоқмағамбетов мәдениет үйінде қалалық жастар театрының маусымдық ашылуы өтті.

Туған жерімізді таза ұстау – азаматтық міндетіміз. Сондықтан да қаламызды таза ұстауға тұрғындардың ынтасын арттыратын шаралар да ұйымдастырылмақ. Мәселен, «Көңілді сенбілік» жалпықалалық сенбілік акциясымен қатар «Үлкенге құрмет – кішіге міндет» атты жалғызбасты, тұрмысы төмен, зейнет жасындағы үлкен кісілердің тұрғын үй аумағында тазалық жүргізіледі.

Бір ай бойы жалғасатын мерекелік шарада «Ауылым – берекенің ақ бесігі» атты ашық аспан астында этно бағыттағы ауыл кеші өтеді деп те жоспарланған. Мұнда қалаға қарасты ауылдар жәрмеңкесі, «Қарбыз-қауын FEST», «Шұбат-қымыз FEST», «Бауырсақ PARTY» және жергілікті отандық өнім өндіретін кәсіпкерлердің, мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнер жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Ауыл еңбеккерлерінің жәрмеңкесін көргіңіз келсе, 17 қыркүйек күні «Сыр-Ана» монументінің алаңына келіңіз. Осы күні «Өнер» арбатында «Қызылорда менің көзіммен» атты облыстық фотосуретшілердің байқауы ұйымдастырылады.

Балалар жылы аясында жас өрендер де мерекеден тыс қалмақ емес. Мәселен, 23 қыркүйек күні Б.Шүкенов атындағы саябақ «Қызылорда, жүрегімнің төріндесің!» атты балалар арасында қалалық ән байқауы және «Қызылорда менің көзіммен» атты жас суретшілер байқауы өтеді деп жоспарланған.

Сонымен қатар «Неге маған жырламасқа Сырда туған елімді» атты жергілікті танымал ақын-жазушылардың жыр кеші, «Қызылорда – достық мекені» атты түрлі ұлт өкілдері арасындағы өнер фестивалі, «Кітап FEST» кітап көрмесі, «Денсаулық – зор байлық» атты жалпықалалық акция, «ҚұттықTIMES, Қызылорда!» қала көшелерін көшпелі концертпен аралау, «Бала барысы» қазақ күресінен облыстық балалар арасындағы турнир секілді түрлі шаралар қала күні қарсаңында рет-ретімен өтеді.

Бір айға созылатын мәдени-көпшілік шара 14-қазанда орталық стадионда өтетін «Бірлік пен бақыт арнасы, қазақтың Қызылордасы» атты мерекелік гала-концертте қорытындыланады.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН ЖАҢА САЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауда салық реформасы аясында «сән-салтанатқа салық» салуды енгізуді ұсынды. Президент атап өткендей, мұның орта тапқа қатысы жоқ. Бұл салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған кезде салынады. Бір сөзбен айтқанда, еліміздегі бай-қуатты тұратын адамдарға ғана арналған. Салықтың мұндай түрі шет елдерде әлдеқашан қолданысқа еніп, оң нәтижесін көрсетіпте үлгерген.

Бұл мәселе елімізде бүгін ғана қозғалып, қолға алынғалы жатқан жоқ. Соңғы жылдары кеңінен айтылып, жан-жақты талқыланып келді. Тіпті депутаттар да Үкіметке арнайы сауал жолдады. Халық қалаулыларының пікіріне сүйенсек, ауқатты қазақстандықтар халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезініп, өз байлығын елдің дамуына бағыттауға тиіс. Осыған орай екі жыл бұрын салық кодексіне енгізілетін өзгерістер легі талқыланған Сенат отырысында депутат Мұрат Бақтиярұлы байлық салығын енгізуді ұсынған еді.

– Мемлекет басшысы 2019 жылғы Жолдауында «Жалпы ішкі өнім мен халық

табысының артуына қарамастан қоғамда мүліктік жіктелу үдерісі сақталып отыр. Тіпті күшейіп барады. Бұл – алаңдатарлық фактор. Сондықтан оған ерекше назар аудару керек. Аталған мәселені шешудің көптеген жолы бар. Соның бір жолы ретінде байлыққа салық салуды енгізуді қарауға болады. Мұндай халықаралық тәжірибе көптеген елде бар. Бюджетке түсетін түсімдерді сән-салтанатқа арнайы салық енгізу бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып саналады. Ауқатты қазақстандықтар халық алдында әлеуметтік жауапкершілікте болуға және өз байлығын елдің дамуына бағыттауы тиіс. Тәуелсіздіктің 30 жылдығының ішінде халықтың бай мен кедей топтарының арасындағы алшақтық айтарлықтай өскенін көріп отырмыз. Бұл жерде мәселе яхталар, ұшақтар, элиталы жылжымайтын мүліктер, қымбат автокөліктер, зергерлік бұйымдар секілді сән-салтанатты заттарға салық салуға қатысты болып отыр. Байлық салығын енгізу – салық салудың әділетті жүйесін қалыптастырады деп есептеймін, – деді сенатор.

2 БЕТТЕ

ЖЭО: капсула салынды

Қызылордада облыс тарихында болмаған ең ірі жобаның бірі қолға алынып, жылу электр орталығы салынады дегенде көп адам сене қоймады. Өйткені салынғалы жатқан жылу электр орталығы еліміз тұрмақ, ТМД-да теңдесі жоқ жоба болып отыр. Облыс әкімінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, республиканың тек екі аймағында ТМД елдерінде теңдесі жоқ заманауи жаңа жылу электр орталығы салынбақ. Соның бірі Алашқа ана атанған Сыр өңірінде бой көтереді.

Аптаның сәрсенбісінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен «Акса Энерджи» компаниясының атқарушы комитеті төрағасының орынбасары Коркут Озтуркмен Сыр елінде бұрын-соңды болмаған заманауи үлгідегі электр орталығының құрылысы басталатын жерге капсула салу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы Президент тапсырмасына сәйкес қолға алынған мұндай ірі жобаның тек өңір үшін ғана емес республика үшін де маңызды екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы оңтүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында 3 жыл ішінде қуаттылығы 1000 мегаваттан астам электр станцияларын салуды тапсырды. Осы тапсырма аясында заманауи қондырғылар республиканың екі аймағында ғана салынады. Алғаш болып, біздің аймақта жүзеге асуда. Құны 215 млрд теңгеден асатын

жоба 36 ай ішінде аяқталады. Осылайша электр станцияны 2025 жылы ел игілігіне табыстайтын боламыз. Аймақ игілігіне арнап салынатын жаңа нысанның іске асуына ұйытқы болған Энергетика министрлігіне және мүдделік таныткан компания басшысы Коркут Өзтүркмен мырзаға барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымызды жеткіземіз, – деді облыс басшысы.

Қуаттылығы 240 мегаватқа жететін жаңа нысан энергия жетіспеушілігін едәуір төмендетеді. Бұл – тәуелсіздік алған жылдары елімізде бюджеттен тыс қаржы көздерінен, яғни шетелдік инвесторлардың қаржысына іске асырылатын ең ауқымды теңдессіз жоба. Түрік компаниясының өкілі мұндай ауқымды жобаны іске асыру энергетикалық қауіпсіздікті және тарифті сақтауға мүмкіндік беретінін мәлім етті.

– Қазақстан – болашағы өте зор ел. Біз осы кезге дейін әлемнің бірнеше мемлекетінде энергетикалық бағытта ірі жобаларды іске асырдық. Енді Қазақстанда, оның ішінде Қызылорда өңірінде нысанды салуға ниеттіміз. Қызылордамен жасалған 15 жылдық келісім-шарт негізінде біз қаланың энергия мен жылу қажеттілігін қамтамасыз ететін боламыз. Бұл орталық энергетикалық қауіпсіздікті күшейтуге ерекше мүмкіндік береді, – деді Коркут Озтуркмен.

Игі іс-шарада мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досмамбетов бұл нысанды салу шешіміне келу халықтың көкейде жүрген мәселесін шешуге жол ашқанын жеткізді.

– Әрине, қала тұрғындары үшін қанша жылдан бері жылу мен электр энергия бағытында қиындықтар туындап, әсіресе қыс мезгілінде проблемалар болатын. 60 жылдан бері қызмет етіп келген орталықтың әлеуеті жетпейтіні белгілі. Облыс басшысының өз қаржысына ауқымды нысанды салуға ниетті инвесторды тауып, түрік бауырларымызды шақырғаны бүгінгі жиынның айғағы деп санаймын, – деді қоғам қайраткері.

Жылу электр орталығы бой көтеретін жерге салтанатты түрде капсула салынғаны жайлы ақпарат ресми сайттар мен газеттер және телеарналар арқылы дүйім жұртқа жетті. Бұл хабарды естіген көпшілік пен көзбен көрген жұртшылықтың қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Тек аймақ үшін маңызды нысан, ғасыр жобасына баланған жылу электр орталығы межелі мерзімде салынып бітіп, тұрғындар игілігін көрсе дейміз.

А.АҚЫЛБЕК

НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

АТАНДЫМ ЖӨНЕЛДІКТІҢ ЕШНИЯЗЫ...

Сыр сұлейлерінің ішінде шоқтығы биік өнер тарланының бірі – Ешнияз Жөнелдікұлы. Қазақ елінде сал атағын алған адамның бірі осы – Сыр шайыры.

Сыр шайырлары арасында өзіндік өнерімен ел есінде қалған Ешнияз салдың өмір жолына үңілсек, 1834 жылы Қызылдың қиясында орналасқан қарт Қуаңның бойын мекендеген халық арасында айтылып жүрген «Ешнияз бұлағында» өмір есігін ашқан. Ол өсе келе ақындық, әншілік және сазгерлік өнерді өміріне серік еткен. Көнекөз қариялардың айтуынша, Жөнелдік ақсақал баласының өнерге деген ықыласын байқап, оның талпынысын одан әрі дамыту үшін батасын берген деседі. Сөйтіп әке батасын алған Ешнияз өнерге бет бұрады.

4 БЕТТЕ

COVID-19:

ЕКІ НАУҚАС АНЫҚТАЛДЫ

Соңғы тәулікте коронавирус жұқтырған 2 адам анықталды. Оның ішінде 1 жағдай ауру симптомымен белгілі болған.

Облыс орталығында 2 тұрғын вирус жұқтырған. Оның 1-еуі Қармақшы ауданынан болса, екіншісі қала тұрғыны. Мамандар олардың бірі оқушы екенін айтады.

Қазіргі таңда қауіпті инфекция жұқтыру дерегі біршама азайған. Бұған дейін науқастардың азаюына байланысты емдеу орындарының жүктемесі төмендеп, арнайы төсек жабдықтары қысқартылған еді.

Дегенмен тұрғындарды ревакцинациялау шарасы әлі де жүргізілуде. Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары екпе алу қауіпті вирустың алдын алуда және ұжымдық иммунитет қалыптастыруда тиімді екенін айтады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында айтылған міндеттемелерді іске асыру бойынша атқарылатын шараларды айқындау мақсатында актив отырысы өтті.

МАҚСАТ – АЙҚЫН, БАҒДАР – НЫҚ

Жиынға қалалық мәслихат хатшысы, депутаттар, ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес мүшелері мен төрағасы, мемлекеттік мекеме, құқық қорғау органдары басшылары, зиялы қауым және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Актив отырысында қала әкімі Жолдаудан туындайтын міндеттерді жүзеге асырудың жолдарын ұсынды.

– Мемлекет басшысы Өз Жолдауында саяси реформалардың жаңа бағдарламасын, әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шараларды, ішкі, сыртқы саясат, қауіпсіздік мәселелерін айқындап, 5 бағытты нақтылап берді. Атап айтқанда, жаңа экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту, заң және тәртіп. Президент Жолдауындағы 5 бағыт ел экономикасын әртараптандыруға, әділетті қоғам құруға, қоғамды саяси трансформациялауға бағытталған ұтымды тарамдар болып табылады. Алда біздерге жүктелген үлкен міндеттер тұр. Қоғам болып жұмылып, елімізді жан-жақты дамыту жолында атқарар ісіміз көп, нақты жоспарларымыз да бар. Жолдауда айтылған барлық бағдар бойынша тиісті шаралар қабылдап, оны сапалы жүзеге асырамыз. Бірінші бағытта жаңа экономикалық саясатқа көшу міндеті тұр. Бұл дегеніміз – экономикамызды әртараптандыру, жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында шағын және орта бизнеске барынша қолдау білдіріп, жан-жақты көмектер көрсетіледі. Осылайша біз тұрғындарымызды тұрақты жұмыспен қамтып, олардың әлеуметтік жағдайын түзейміз. Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкерлер бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, тұрмыстық ахуалды оңтайландыруға жәрдемдеседі, – деді қала әкімі.

2 БЕТТЕ

АЛТЫН ДІҢГЕКТІ ЖЫЛЫ ҰЯ

Бүгінде өңірде мемлекет пен жеке бизнес секторының арасында тығыз байланыс орнағаны белгілі. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде білім саласында жағымды жаңалықтар көбейіп келеді. Қазіргі таңда облыс орталығында 20 жеке мектеп қызмет көрсетеді. Сол игілікті істердің жалғасы ретінде «Baiterek School» мектебі есігін айқара ашты. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған білім ошағы қаламыздың Шанхай мөлтек ауданынан салынған.

Жаңа мектептің ашылу салтанатына зиялы қауым өкілдері, білім саласының ардагерлері, мектеп директорлары қатысты.

2 БЕТТЕ



ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН ЖАҢА САЛЫҚ

Міне, 2023 жылы жаңа салық кодексі әзірленіп, сонда «сән-салтанатқа салық» салу тармағы енгізілмек. Мемлекет басшысы Жолдауда – экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты екенін баса айтты.

– Сондай-ақ жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтындай етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керек. Тағы бір басымдық – салықтық ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру. Ол үшін экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшкен жөн. Пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын корпоративті табыс салығын төмендету немесе одан босату тәсілін енгізу керек. Салық төлеушілердің салықтан жалтаруға құмарлығын азайту үшін арнайы салық режімдерін жеңілдету керек. Салық жүктемесін төмендету мақсатында ұйымдарды әдейі бөлшектеуге жол бермеу мәселесі жаңа кодексте қарастырылуы қажет. Сауда-саттық заман талабына сай дамуы үшін мөлшерлемесі ойға қонымды әрі рәсімдері қарапайым бөлшек сауда салығын қолдану аясын кеңейту керек. Салық реформасы аясында «сән-салтанатқа салық» салуды енгізген жөн. Мұның орта тапқа қатысы жоқ, бұл салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған кезде салынады, – деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста қарапайым халық арасында біраз түсінбеушілік болуда. Мәселен, той-думанға, әншілер мен блогерлерге салық салынады деген түрлі пікірлер желдей есті. Расында, сән-салтанат салығы қалай ұсталады? Оған қандай дүние-мүлік жатады? Бұл туралы салық және кеден саясаты департаментінің бас маманы Елнар Қазбеков аталған өзгеріске қандай мүліктің кіретінін түсіндірді. «Санаулы адамдар тобына тиесілі яхталарға, жеке ұшақтарға салықты арттыру ұсынылып отыр.

Ал орта тап өкілдеріне салынатын салық артпайды. Халықаралық тәжірибеде жоғары салық салу қолданылып келеді. Атап айтсақ, құны 100 мың доллардан жоғары тұратын автокөліктерге үлкен көлемде салық салуға болады», – дейді ол.

Түсінікті болу үшін мұндай салық «Aston Martin», «Bentley», «Ferrari», «Lamborghini», «Maserati», «ұшақ пен тікұшақ», «яхта», сондай-ақ аумағы 300-400 шаршы метрден асатын жылжымайтын мүлік сатып алғанда ұсталады. Себебі бұл қымбат дүниелерді сатып алуға тек бай-бағландардың ғана қалтасы көтерері анық. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай салық Мексикада, Аустралияда және Мажарстанда бар екен. Сонымен қатар Франция, Италия, Аргентина, Үндістан мен Швейцария мемлекеттерінде де қымбат дүние мүлікке салық салынады.

Осылайша келесі жылдан бастап, еліміздегі ауқаттылар қымбат дүние сатып алса, салық төлейді. Мемлекет басшысының тапсырған негізгі міндеттердің бірі – осы.

Көптің көкейіндегі тағы бір сауал шет елдік нөмірмен жүрген көлікке қатысты еді. Олардың саны аз емес. Мыңдап саналады. Заңды иесін табу қиын. Кейбірі ешбір елде тіркеуде жоқ. Бұл қоғам үшін қауіпті. Ұрлық, қылмысқа қолдану оңай. Осыған орай Мемлекет басшысы мұндай көлікті әкелуді тоқтату үшін батыл шешімдер қабылдап, бүгінге дейін кіргенін тіркеуге жеңілдік берді.

– Автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне жеке тоқталайын. Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәріне тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл – іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара. Сондай-ақ салық саясатының тиімді болуы кеден жұмысының ашықтығына тығыз байланысты. Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіру ісін аяқтау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Басы 1-бетте

КАЛА ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Жылдың сегіз айын артта қалдырдық. Қазір қыркүйектің шуақты, жанға жайлы болғанымен көп ұзамай күн салқындайды. Бас-аяғы бір айдан асар-аспас уақытта жылу беру маусымы басталады. Осы орайда облыс орталығының сәулеті мен құрылысы, ауыз суы, жылуы мен электр жарығына жауапты қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғалымжан Әлекбаруұлы Қайназаровпен сұхбаттасқан едік.

– Ғалымжан Әлекбаруұлы, алғашқы сұрақты алдағы жылу маусымына дайындықтан бастасақ...

– Қалада жылу беру маусымына дайындық жұмысы жаз мезгілінен басталды. Бұл ретте арнайы үйлестіруші қалалық штаб құрылды. Жалпы қала бойынша барлығы 815 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде 711 үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Ал 104 үй автономдық блокты модульдік қазандықтар арқылы (қатты, сұйық және газ отынымен) жылытылады. Соған сәйкес «Қызылорда жылу электр орталығы» мемлекеттік коммуналды кәсіпорны жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде. Яғни жылу қазандықтары ағымдағы және күрделі жөндеуден өтуде. Атап айтсақ, №6, 9 қазандықтарға ағымдағы жөндеу, №3 турбогенераторына күрделі жөндеу, №1, 3, 4, 5, 6 күштік трансформаторына, Оңтүстік қазандығындағы №4 КЕ-25-14С типті бу қазандығына күрделі жөндеу, №1, 2, 3, 5, 6, 7 мен №1-17 АБМК қазандықтарына және ДЕ-16 маркалы №1-4 бу қазандықтарына ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді. Бүгінгі күнге станция бойынша барлық жоспарланған жөндеу жұмыстары 91 процентке орындалды.

– Тозығы жеткен жылу құбырларының жайы қалай?

– Жалпы қаладағы жылу желілерінің ұзындығы 190,02 шақырымды құрайды. Оның ішінде магистральдық жылу желілері 35,744 шақырым болса, кварталаралық жылу желілері 154,276 шақырым болады. Одан бөлек 3 сорғы станциясы жұмыс істейді. Бүгінгі күні жылу желілерінің тозуы 48,7 процентке жетіп отыр.

– Биыл тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз етудегі қажеттілік 37 мың тонна деген едіңіздер. Баға шегі де белгіленген еді. Бұл мәселе қалай шешіліп жатыр?

– Иә, қатты отынның мөлшері биыл 37 мың тонна болып белгіленді. Бұған дейін тұрғындарды тиісті көмір қорымен қамтамасыз ету үшін көмір тасымалдаушы «KHAS COM» және «Қарымсақов» жеке кәсіпкерлерімен меморандум жасалған еді. Дегенмен жылу беру маусымы кезеңінде қала аумағындағы көмір тасымалдаушы жеке кәсіпкерлер тарапынан барлығы 66 мың тонна көмір әкелу жоспарлануда. Қазіргі таңда «KHAS COM» жеке кәсіпкерлігіндегі 188 вагон, яғни 13800 тонна «Шұбаркөл» көмірі 14 400 теңгеден сатылуда. Ал «Қарымсақов» жеке кәсіпкерлігінде әзірге қатты отын қоры жоқ. Сондай-ақ қалаға қарасты кент және ауылдық округтегі тиісті мекемеге жылу беру маусымы кезеңінде дүрбелең туындамас үшін қатты отын қорымен осы кезден қамтамасыз етуі керектігі жөнінде тиісті хаттар жолданды. Көмір отынының тапшылығын болдырмау мақсатында арнайы кесте әзірленіп, бөлім тарапынан тұрақты түрде қадағалануда.

– Жаз бойы судың қысымы төмендеп, түрлі ақаулар орын алып жатады? Бұл өз кезегінде тұрғындар наразылығын тудыруда. Осыған байланысты не айтасыз?

– Орынды сұрақ. Бұл жыл сайын болатын жағдай. Себебі көктем, жаз мезгілдерінде тұрғындар ауыз суды көп мөлшерде пайдаланады. Оның ішінде бау-бақшаны суаруға көп мөлшерде су жұмсайды. Соның салдарынан су қысымы төмендейді. Осыған байланысты «Қызылорда су жүйесі» МКК мамандары есепсіз суаруға пайдаланып жатқан ауыз су құбырларын анықтау мақсатында күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізуде. Негізі Ұлттық экономика министрінің 28.02.2015 жылғы №163 бұйрығымен бекітілген «Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидалары» ережесінің 1 – параграф 17 – тармағында ауыз суды жасыл желектерді суаруға пайдаланатын уақытты қызмет көрсетуші белгілейді деп көрсетілген. Соған сәйкес, «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны жеке сектор тұтынушыларына ауыз суды тиімді пайдаланып, жасыл желектерді суаруға арнайы су өлшеуіш құралдары арқылы түнгі 23:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін рұқсат берген. Аталған талап орындалмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың 141 бабына сәйкес әкімшілік іс қозғалып, айыппұл салады. Тұрғындар осыны ескерсе дейміз.

– Қоғамдық көліктер жайына тоқталсақ. Жаңа автобустар қашан келеді?

– Қызылорда автобус паркін жаңалау мақсатында биыл 150 дана үлкен сыйымдылықтағы автобус алу жоспарланған. Бүгінгі күні «Өндірісті дамыту қоры» АҚ-мен келісім шарт жасау жұмыстары жүргізілуде. Жоспарға сәйкес қыркүйек-қазан айларында 150 автобус толық келеді деп күтілуде. Жаңа үлгідегі автобус келгеннен кейін электрондық билеттеу жүйесін енгізіп, халыққа қолайлы жағдай жасалатын болады.

– Жолақысы 150 теңгеге дейін қымбаттайды деген сөз рас па?

– Қазіргі қолданыстағы тариф 2020 жылы қалалық маслихат шешімімен бекітілген, ересектерге 90 теңге, (электрондық билеттеу жүйесін қолданған жағдайда – 85 теңге), оқушыларға 40 теңге. Әзірге бұл тарифті көтеру жоспарда жоқ.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен **Айдана СЕЙІЛ**

МАҚСАТ – АЙҚЫН, БАҒДАР – НЫҚ

Осы тұрғыда тиісті сала басшыларына Жолдау жүктеген міндеттер бойынша нақты тапсырмалар берілді. Мәселен, жұмыссыздықты төмендетуге күш салу қажет. Жаңа жұмыс орындарын ашудың тетіктерін ойластыру керек. Қоғамдық негізде және жастар тәжірибесі бойынша қабылдағанған адамдардың тұрақты жұмыспен орнығуына жағдай жасау қажет. Сол секілді өз кәсібін ашуға ниетті қала тұрғындарына мемлекеттік бағдарламалар арқылы бизнесті дамытуға арналған гранттар мен пайыздық мөлшерлемесімен несиелердің әкімшілік кедергісінсіз берілуі қажет екендігі айтылды.

Жолдауда жастарды жан-жақты қолдау басты бағыттардың бірі ретінде айрықша аталды. Осы уақытқа дейін қалада 221 адамға мемлекеттік грант бойынша 270 млн теңге қаржы берілген. Жыл аяғына дейін 814 адамға жеткізу жоспарланып отыр. Қоғамдық жұмысқа жыл басынан бері 2553 адам тартылып, жастар практикасына 847 жасқа жолдама берілген. Келесі жылдан бастап жастар кәсіпкерлігін қолдауға 2,5 пайыз жеңілдікпен шағын несие беру тетігі іске қосылады. Бұл жастарға жігер сыйлап, олардың кәсіби тұрғыдан дами түсуіне беріліп тұрған үлкен мүмкіндік.

– Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын дамыту бойынша да нақты тапсырмаларды жүктеді. Алдағы уақытта тек шикізат ресустары ғана емес, агроөнекәсіп кешенін дамытуға басымдық беруі туралы нақты айтып өтті. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан осы ретте агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылатын жұмыстарды жандандырып, шаруашылық жетекшілерінің ұсыныс-пікірлерін зерттеп, іске асыру бойынша тиімді механизидерді ұсыну қажет. Ауыл шаруашылығы жерлерін мақсатты пайдалануды назарға алып, оңтайлы шешуді қолға алу керек, – деді қала әкімі.

Идеологиялық актив жиынында қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Каримова және облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес Жолдауда айтылған мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Басы 1-бетте

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтті. Мәжілісте жылу беру маусымына дайындық, Белкөл кентінің әлеуметтік-экономикалық ахуалы және күзгі егін жинау науқанының жай-жапсары талқыланды.

ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Жылу беру маусымына дайындық барысы туралы қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғалымжан Қайназаров хабарлама жасап, қалада жылу беру маусымына дайындық жұмыстары толығымен аяқталғанын, температуралық сынақтар толыққанды жүргізілгенін жылуға қосылуға әзір екендіктерін жеткізді.

– Қала бойынша барлығы 815 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде 711-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. 104 үй автономдық блокты модульдік қазандықтар арқылы жылытылады. Қала бойынша жылу желілерінің ұзындығы 190 шақырымнан асады. Оның ішінде магистральдық жылу желілері 35,744 шақырым, кварталаралық жылу желілері 154,276 шақырым болып отыр, – деді бөлім басшысы.

Бөлім басшысының мәліметіне жүгінсек, 3 сорғы станциясы жұмыс істейді. Жылу желілерінің тозуы 48,7 процентті құрайды. Осы орайда жылу желілері бойынша гидравликалық және температуралық сынақтар жүргізіліп, әртүрлі диаметрлі 5,1 шақырым кварталаралық жылу құбырлары бекітілген кесте бойынша жөнделуде. Бүгінгі таңда жұмыс кестесінің жоспарына сәйкес, толығымен орындалды. 2022-2023 жылдарға арналған жылу беру маусымы кезеңінде қажет етілетін қатты отын көлемі 37 000 тоннаны құрап, қазіргі таңда 21000 тонна қатты отынмен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар қала аумағындағы көмір тасымалдаушы жеке кәсіпкерлер тарапынан 66 000 тонна көмір әкелу жоспарлануда. Қазіргі уақытта, «KHAS COM» жеке кәсіпкерлігінде «Шұбаркөл» көмірі келіп 14 400 теңгеден сатылуда. «Қарымсақов» жеке кәсіпкерлігінде 4 вагон яғни 276 тонна «Шұбаркөл» көмірі келіп 15 000 теңгеден сатылуда. Негізінен қалаға «Тас көмір» қорын жеткізуші кәсіпкер, сатылу бағасы тоннасына 13 000 теңгеден болып меморандум жасалған.

Қала әкімі әлі де зерттеп, кемшіліктерді уақытылы орындауды тапсырды. Сондай-ақ қалаға қарасты кент және ауылдық округтерге жылу беру маусымы кезінде халық арасында дүрбелең туындамауы үшін қатты отын қорымен осы кезден қамтамасыз ету керектігін жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе Белкөл кентінің әлеуметтік экономикалық ахуалы турасында болды. Бұл жайлы кент әкімі Жасұлан Сәду баяндады.

– Белкөл кентінде бүгінде бұқаралық спорт түрлері қарқынды дамуда. Жаңадан мәдениет үйі бой көтеруде. Теміржол көпірі салынуда. Жалпы халыққа қажетті жағдай жасалуда. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша наубайхана ісін кеңейтуге байланысты жеке кәсіпкер жұмысы қолдау тапты.

«Еңбек» бағдарламасы аясында жалпы көлемі 8,5 млн теңгені құрайтын мемлекеттік грантқа 7 тұрғын ие болды. Кент бойынша 1,3 млрд теңгеден астам қаражатқа инвестициялық жобалар жүргізілуде. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда, – деді Жасұлан Сәду өз сөзінде.

Кент әкімінің хабарламасын тыңдаған қала әкімі 8 айдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері төмен екенін айтып, жұмыс тиімділігін арттыруды тапсырды. Сонымен қатар жергілікті тұрғындармен кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлерді орындауды қаперге салды. Кенттегі кемшіліктерді атап, апта ішінде қайта қалпына келтіру туралы тапсырма берді.

– Жұмысқа нақтылық қажет. Жергілікті тұрғындармен кері байланыс орнатылмаған. Түнгі жарық шамдардың көбі күйіп кеткен күйі ауыстырылмаған. «Тағзым» алаңындағы жазулардың әріптері қисайып, балалар ойын алаңы бұзылған. Осылардың барлығы менің айтуымсыз істелетін жұмыстар. Сол елдің жастарын жұмылдырып, кәсіпкерлерін тартып, кентті көркейтуге болады. Қаланың бет бейнесін кіреберісінен көруге болады. Ал Белкөлден бері қарай адам айтса нанғысыз қоқыстар шашылып жатыр. Оған ақша керек жоқ, ұйымшылдық керек. Ұжымды ұйыстыра білмесең, халықтың тілін таба алмасаң не айтуға болады. Екі күн уақыт беремін кемшіліктерді қайта қалпына келтіру керек, – деді қала әкімі.

Үшінші мәселе күзгі егін жинау науқаны жайлы қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбекұлы хабарлама жасады.

Бөлім басшысының айтуынша, қазіргі таңда қалада шаруашылық құрылымдары бойынша мал азықтық жоңышқа шөбін дайындауда 2061 гектар жоңышқадан 4743 тонна шөп жиналған. Сонымен қатар бақша дақылдарының 792 гектарынан 128 центнерден өнім жиналуда. Күзгі егін жинау науқанына қажетті техникалар қамтылған.

Мәжіліс соңында қала әкімі сала басшыларына жүктелген тапсырмаларды тиянақты орындап, жүйелі жұмыс істеуді тапсырып, берілген тапсырмалар өз бақылауында болатындығын жеткізді.

Т.ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

АЛТЫН ДІҢГЕКТІ ЖЫЛЫ ҰЯ

Жаңа мектептің ашылу салтанатына зиялы қауым өкілдері, білім саласының ардагерлері, мектеп директорлары қатысты.

Мұндағы оқу процесімен танысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім ордасын ашуға ниет білдірген жанашыр меценатқа алғысын жеткізді.

– Адами капиталды дамыту сол арқылы білім саласын жетілдіру – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы жылғы Жолдауында білім беру жүйесіне ерекше тоқталып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» – деп атап өтті. Бұл бағытта Сыр өңірінде қарқынды шаралар атқарылатын болады. Биылдың өзінде 4350 орынға арналған 6 мемлекеттік, 3 жеке мектеп пайдалануға берілуде. Алдағы үш жылда аймақта 32 мектеп салынса, оның 12-сі жеке мектеп. Осы мектептен шыққан түлектер Сыр өңірінің атын әлемге танытатын, өзіндік дара қолтаңбасы бар лайықты азамат болып тәрбиеленсін!, – деді Н.Нәлібаев.

1500 орындық білім ордасында 120 педагог және 30 техникалық қызметкер бар. Бүгінгі күні мектепте 720 оқушы білім алады. Мұнда өрендер үшін барлық жағдай жасалған. Олардың демалатын, тамақтанатын орны, сабақ оқитын кабинеттері талапқа сай жасақталған.

– Мектеп 1 ауысымдық оқумен қамтылған. Әр сыныпта 24-25 оқушы бар. Әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасы балаларынан шыққан 187 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Заманауи үлгіде салынған мектеп жаңа үлгідегі оқу кабинеттермен, панель тақталарымен және STEM лабораториясы және физика, химия, биология, ал технология ұлдар, қыздар кабинеттерімен жабдықталған. Ақысыз негізде қазіргі уақытта 530 оқушы бар. Мектепте жаратылыстану математика бағытында тереңдетіліп оқытылады, – дейді «Baiterek School» мектебінің директоры Бақытжан Иманбердиева.

«Келешектің кілті – білімді ұрпақтың қолында» деген қағидат біздің аймақта берік қалыптасқан. Міне, соның дәлелі – тағы бір жаңа мектеп ел иігіліне берілді. Елдің болашағы – балалар заманауи технологиямен жабдықталған жаңа ғимаратта сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов Қазақстанда жылдық инфляция мөлшері 15 процентке жеткенін мәлімдеді. Инфляцияның өсуіне негізінен азық-түлік бағасы әсер етуде.

ИНФЛЯЦИЯ ТАҒЫ ӨСТІ

– Шілдеде жылдық инфляция 14,5 проценттен 15-ке дейін өсті. Бұл ретте инфляцияға азық-түлік бағасының өсуі ең көп үлес қосып отыр. Азық-түлік инфляциясы 19,2 проценттен 19,7-ге дейін, азық-түлікке жатпайтын инфляция 13,2 проценттен 14,2 процентке дейін жеделдеді, – дейді Ақылжан Баймағамбетов.

Өз кезегінде үкімет басшысы Әлихан Смайылов өңдеу өнеркәсібі саласында тамақ өнімдерін өндіру шамамен 3 процентке, сусындар өндіру 9 проценттен астам өскенін мәлімдеді. Одан бөлек Үкімет басшысы делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия жұмысын жандандырып, өңірлерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның 15 пайыздық үстеме бағасына бақылауды күшейту мен әкімдіктердің форвардтық сатып алу бойынша келісім-шарттарды уақытылы жасасу қажеттілігін тапсырды.

ДАҒДАРЫСТЫҢ ЖОЛЫ ЖЕҢУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Соңғы уақытта қоғамда «кризис» сөзінің қолданылуы көбейді. Өйткені расында да күллі әлем бүгінде экономикалық қиындықтарды бастан өткеруде. Негізінен бұл жоғары жақтағы мәселе болып көрінгенімен, ең алдымен бізге де кері әсер ететін құбылыс. Алайда біз кейде мұны байқамаймыз. Соның әсерінен қателіктер жібереміз. Бүгінгі мақалада экономикалық дағдарыс кезінде не істеу керектігі жайлы саралап көрмекпіз.

Негізінен экономикалық дағдарыс – бұл тоқырауды, жандануды және өрлеуді дәйекті түрде қамтитын ұдайы өндірістік цикл кезеңінің бірі. Ол нарықтық жағдаяттың күрт құлдырауымен, ұлттық экономиканың тұрақсыздануымен, қоғамдық ұдайы өндірістегі үйлесімсіздіктің күшеюімен сипатталады. Экономикалық дағдарыс тауар капиталын артық өндіруден, өндірістік капиталдың қисынсыз шығынынан, яғни өндірістік қуаттардың толық қуатпен жұмыс істемеуінің көбеюі мен жұмыссыздықтың өсуінен, ақша капиталының артық жұмсалуын, өндіріске жұмсалмаған ақша санының көбеюінен болады. Ал сол дағдарысты оңай өткерудің жолы қандай?

САНАНЫ РЕТТЕУ КЕРЕК

Көбіне адамдар ақшаның жетпеуіне өзін емес, мемлекет экономикасын, кейде тіпті «әлемдік дағдарысты» кінәлап жатады. Тағы бір ескерерлік жайт, кризистен зардап шегетіндер қатарында оптимистер көп. Себебі олар «Бұл қиындықтан да өтерміз» деп жүргенде, пессимистер мәселенің шешу жолдарын қарастырады.

Ең алдымен дағдарыстың болмауына жағдай жасау керек. Күллі әлем шеше алмаған затты қарапайым адам қалай шешеді? Мұндай кезде бұрынғы дағдарыстан сабақ алып, жаңашылдық ойлап табу керек. Өз экономикасын жақсы меңгерген адамдар кейде тіпті орын алуы мүмкін мәселені алдын ала болжап, оның алдын алып жатады. Шығынды азайту, мөлшермен жұмсау секілді әрекеттер міндетті түрде көмектеседі.

Алайда дағдарыс сылтауымен көңіл көтеруден, уақытты қызықты өткізуден бас тартуға болмайды. Өзіңіз бен жақындарыңыздың қызықты мерекелерді атап өту маңызды. Ал атаулы күнде тегін немесе арзан өткізудің түрлі тәсілі бар. Барлық ауру мидан басталатындықтан ең алдымен көңіл-күйді жақсартудың маңызы зор.

ҚОСЫМША ТАБЫС ТАБУ МАҢЫЗДЫ

Көп адам бір жалақыға өмір сүріп үйреніп қалған. Ал ол жұмыстан аяқ асты шығып қалсаңыз қаражатыңыз «нөлге» дейін жетуі әбден мүмкін. Әрине, жинаған қаражатыңыз көмектеседі, бірақ аз уақытқа ғана. Дегенмен дағдарыс уақытында немесе басқа себеппен сіздің мамандығыңыздың сұранысы азайса жағдай қиындайды.

Мұндағы шарт – қазіргі қызметіңізден үзілді-кесілді бас тарту емес. Басқа да ақша табу жолдарын қарастыру керек. Кейде адамның өнері немесе хоббиі де пайда көзі болуы мүмкін. Ең болмаса үйдегі қажетсіз заттарды саудаға шығаруға болады. Бұл өз кезегінде пайдасыз заттардан арылуға және отбасылық экономикаға пайдасын тигізеді. Бірақ ол қаражатты күнделікті қажеттілікке емес «болашаққа» сақтау міндетті.

«ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ» ҚАЖЕТ

«Қауіпсіздік жастығы» деп экономикада сізге уақытша көмектесетін қаражатты айтады. Қазіргі қоғамда мұндай қаржысы бар адамдар аз, ал бар болғанның өзінде ақша аз. Сіз дағдарысқа қарсы қаражат кем дегенде алты айлық кіріспен тең болуы керек екенін білдіңіз бе? Себебі қиын кезде жұмыс табуға орташа есеппен осынша уақыт кетеді.

Ақша жинаудың ең дұрыс жолы – кірістің шығыстан көп болуы. Ал артық ақшаның барлығы жиналу керек. Үнемділік қажет. Бағаның дұрысын таңдап, жеңілдіктер мен онлайн сауданы тиімді пайдалану маңызды. Әр сатып алудың алдында оның қажеттілігі мен сапасы сараланууы тиіс. Дүкенге барудың алдында тізім құру да экономиканы реттеудегі негізгі талап.

Тағы бір айта кетерлік жайт – азық-түлікті азайту. Біз көбіне қаржы жетіспеушілігін алға тартамыз. Алайда сол адамдардың үйіндегі тоңазытқыштың бос тұратын кезі болады дегенге сену қиын. Өйткені біз молшылықты құп көреміз. Дегенмен мұның да өз кемшілігі бар.

Америкада статистика бойынша әр отбасы ай сайын 10 келі тамақты қоқысқа тастайды екен. Бір жылда шамамен 2000 доллар далаға кетеді. Бізде мұндай шығын жоқ, әрине. Бірақ қоқысқа тастайтын тамағымыз да аз емес. Артық тағамның мөлшерін азайту мен ақшаны үнемдеу үшін мейрамхана мен кафелерде қолданылатын әдісті қолдануға болады. Біріншіден, олар жиі тапсырыс береді, бірақ аз мөлшерде. Әсіресе көкөніс, жеміс, ет, балық пен сүтті көптеп сатып алмайды. Екіншіден, жарамдылық мерзімі жақындаған нәрсе қайта өңделеді немесе қызметкерлер үшін дайындалады.

Мысалы, Еуропада бұл мәселенің алдын алу үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырылған. Адамдарға азық-түлікті дұрыс сатып алу мен мәзірді ұйымдастыру әдісі үйретілген. Осылайша тамақ қалдықтарының көлемі 16 процентке азайған. Тағамның сыртындағы жарамдылық мерзімі шындықпен сәйкес келмейтінін көбі біледі. Оның үстіне әйел адамдарға «бұзылуы» жақын затты анықтау қиын емес. Сондықтан әр затты уақытылы пайдаланып қалу маңызды.

ҚАРЖЫЛЫҚ «ХАОС»-ТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Адамдар көбіне ақша бар кезде көбірек алып, бағасына мән бермейді. Бұл кіріс жақсы болғанда ғана ыңғайлы. Ал дағдарыс кезінде кіріс азаятыны заңдылық. Мұндай кезде «үнемдеу» режимін максималды күшпен қосуға туралы келеді. Алайда мәселені үнемдеусіз-ақ шешуге болады.

Күнделікті өмірге әсерін тигізбейтін шығындарды азайту керек. Жеке қаржының оңтайлы игерілу жолын табу қажет. Сіздің ең көп қаржыңыз қайда жұмсалады? Ал оны «шығыстан» алып тастауға немесе арзанырақ түрімен алмастыруға бола ма? Міне, осы сұрақтардың жауабын табу керек.

Одан бөлек «несиенің» де тигізер зардабы көп. Біздің елде банкке қарыз адамдардың көбі өз жалақысының жартысын банктегі несиесін жабуға төлейді. Ал бір сәтте кірісінен айырылғанда «несие төлеу» мүмкіндігі болмайды. Мұндай адамдар дағдарысқа міндетті түрде дайындалуы керек.

Ол үшін жүктемені азайту, ең дұрысы нөлге дейін жеткізу маңызды. Бірінші қадам – несиелерді қайта құрылымдау. Яғни оларды басқа банктерден төмен пайызбен алу. Екіншіден, несиені мерзімінен бұрын өтеуге тырысу қажет. Бұл жағдайда ай сайынғы төлем мерзімін емес, мөлшерін азайтқан дұрыс. Нәтижесінде табыс азайған жағдайда әрекет жасау еркіндігіне ие боласыз. Алайда несиеден тезірек құтылудың да өз шарты бар. «Қауіпсіздік жастығы» болған кезде ғана артық ақшаның барлығын мерзімінен бұрын өтеуге жұмсауға болады.

НЕСИЕНІ НЕ ІСТЕЙМІЗ?

Дағдарыс кезінде ипотека немесе несие төлеу қиындық тудырады. Әсіресе дағдарыс сізге тікелей әсер етсе төлем қабілетіңіз төмендейді. Дегенмен несиенің де шартында несиелік каникул, қайта қаржыландыру мен қайта құрылымдау қарастырылуы мүмкін.

Несиелік демалыс несиені уақытша төлемеуге немесе келісімде белгіленген мерзімде ең төменгі төлемді жасауға мүмкіндік береді. Оның мөлшері қарыз алушымен келісім бойынша анықталады. Кейбір жағдайларға байланысты табысы айтарлықтай төмендеген қарыз алушылар несие демалысын ала алады.

Қайта қаржыландыру тиімді шарттармен жаңа несие алуды және онымен ескісін өтеуді қамтиды. Қайта қаржыландыру арқылы несиені төмен пайызбен немесе ұзақ мерзімге алуға болады. Қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша сіз бірнеше несиені неғұрлым қолайлы пайыздық мөлшерлемемен біріктіре аласыз. Бұл ай сайынғы төлемдерді оңтайландырып, шығындарды бақылауды жеңілдетеді. Қайта қаржыландыруға өтінішті бірінші несие алған банкке немесе үшінші тұлғаға беруге болады.

Қайта құрылымдау – қаржылық жүктемені азайту мақсатында қолданыстағы несиенің шарттарын өзгерту. Көбіне ай сайынғы төлемнің төмендеуіне несие шарттарын ұлғайту арқылы қол жеткізіледі. Бұл жағдайда артық төлем жоғары болады, бірақ қазіргі уақытта қайта құрылымдау жүктемені азайтады.

«ИНВЕСТИЦИЯҒА» ИКЕМ БОЛСА...

Ақшаны сақтаудың ең тиімдісі – депозит немесе жинақ шоты. Алайда жинақта тұрған ақшаны салымсыз-ақ көбейтудің де жолдары бар. Мұндай жағдай акция сатып алу, инвестиция жасау, құнды қағаздармен айналысуға болады. Дегенмен тек өзіңізге сенімді болғанда ғана мұндай іске көшкен жөн. Себебі ақшаңыздан айырылып қалуыңыз әбден мүмкін.

Акция – қор биржасында сатылатын бағалы қағаздар. Акциядан ақша табу үшін заң бойынша жеке тұлға акцияларды басқаруға болатын брокерлік шот ашуы керек. Ал акциямен ақша табудың дивиденд пен алып-сату секілді жолы бар.

Ең тиімді инвестиция қатарында «алтын» бар. Дағдарыс кезінде алтынның құны жиі төмендейді. Ал алтынды физикалық түрде, яғни құйма түрінде немесе «металл» шот ашу арқылы виртуалды түрде сатып алуға болады.

Биржалық сауданың қыр-сырын жақсы білетіндер бағалы қағаздарға, шетелдік компаниялардың акциясына немесе еурооблигацияға ақша сала алады. Бұл қаржы құралдарының қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін уақыт қажет, бірақ кейінірек жақсы пайда табуға болады.

Инвестиция жасаудың қарапайым және танымал әдісі – жылжымайтын мүлік. Бұл дұрыс жоспарлау кезінде кез келген уақытта пайда әкелетін инвестициялаудың ең сенімді әдісінің бірі. Жылжымайтын мүлікті таңдағанда экономикалық жағдай нашарлаған жағдайда да табыс әкелетін сенімді нысандарға назар аудару керек.

Бастысы, өзіңізге таныс салаларға инвестиция салған жөн. Тәжірибелі риэлтор жылжымайтын мүлікті, тұрғын үй немесе коммерциялық мақсатта пайдаланады. Яғни риэлтор ауыл шаруашылығына немесе ауыр өнеркәсіпке ақша салмайды. Ал қор нарығында қаржыны оқыған инвестордың мүмкіндігі жоғары. Өйткені арнайы білімсіз бағалы қағаздармен айналысу қиын болады.

Бүгінде өз кәсібін ашып, бизнесін дөңгелеткісі келетіндер қатары күн санап артуда. Дегенмен ойдан іске көшу де маңызды екені заңдылық. Осы орайда кәсіпке келгісі келетін, әр саланы саралап жүрген оқырмандарымыз үшін соңғы жылдары көш басында тұрған бизнес түрлерін ұсынамыз.

ТОП БИЗНЕСТЕР ТОПТАМАСЫ

Капкейк – бұл жасалуына аз күш қажет ететін кішкентай кекстер. Кез келген адам бұл өнімді дайындай алады. Капкейк жасау үшін әр үйде бар ең көп таралған өнім: ұн, жұмыртқа, сүт немесе айран, сары май және қант қажет. Дегенмен өнімдер дәмді ғана емес, сонымен қатар әдемі болуы керек, сондықтан кекстер түрлі тәсілмен безендіріледі. Бүгінгі күні кекстерге мерекелер мен іс-шараларға, сондай-ақ олардың отбасы мен достарын қуанту үшін көптеп тапсырыс беріледі.

Жеміс-жидек дақылдарын құрғақ өнім ретінде өңдеу бизнесі өте қызықты. Кептірілген жемістер өндірісі технологиялық тұрғыдан ең оңай тамақ өндірісінің бірі. Мұндай бизнеске көп қаражат қажет емес. Кептірілген жемістерді сату дұрыс жасалған инвестиция арқылы өте тиімді және тез ақталатын бизнеске айналуы мүмкін. Бұл идея сауда саласында аз да болса тәжірибесі бар кәсіпкерге және азық-түлік өнімдерін сатуға рұқсат беретін сертификаттау мен құжаттарды алу жолын білетін адамдарға тиімді.

Тұрмыстық техниканы сапалы әрі жедел жөндеу бүгінде сұранысқа ие. Дағдарыс кезінде тұтынушылар қымбат сатып алудан бас тартуға мәжбүр. Сол үшін де бұл қызметке деген қажеттілік артуда. Негізгі тәуекелдер субъективті фактормен байланысты. Мысалы, қызметкердің төмен біліктілігі мен жауапсыздығы, нақты және ойластырылған бизнес-жоспардың болмауы қиындық тудырады.

Қазіргі уақытта салауатты өмір салтына қатысты заттардың барлығы өзекті. Бұл тамақ жеткізуге де қатысты. Дайын пайдалы тағамдарды жеткізуге сұраныс күн сайын артуда. Адамдардың тамақ дайындауға уақыты жоқ, бірақ олар дәмді және пайдалы тамақтанғысы келеді. Сондықтан дайын пайдалы тағамдарды жеткізу қызметі бүгінде «трендте».

Дезинфекциялық қызмет бизнесі коронавирус пандемиясына байланысты өзектілігі артты. Тұрғындар үй-жайлар мен көшелерді жұқпалы аурулардың қоздырғыштарынан тазартуды әдетке айналдырды. Ал бұл бағытта лицензиясыз да өз бизнесіңізді ашуға болады.

Кілемді өз бетімен тазалауды ұнататындар аз. Себебі бұл өте ауыр жұмыс және жақсы нәтижеге жету қиын. Сондықтан кілем тазалау қызметтері әрқашан өз клиентін табатын сұранысқа ие бизнес. Оның ең тиімдісі – мұндай бизнесті ең аз бастапқы капиталмен бастауға болады, бірте-бірте клиенттік базаны көбейту мен кәсіби жабдықты сатып алу және қызмет көрсету аясын кеңейту мүмкіндігі бар.

Бизиборд – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың көңілін көтеру және тәрбиелеу үшін қолданылатын дүние. Мұнда ажыратқыштар, есептеуіштер, құлыптар, шамдар секілді көптеген конфигурация мен конструкциясы бар ағаш тақта. Бизиборд ұсақ моториканы және зейінді дамытады. Әртүрлі реңктердің, пішіндердің арқасында бала қоршаған әлемді біледі, түстерді таниды, айырмашылықтарды табады. Балалар құрал-сайманмен ойнағанды жақсы көреді. Сондықтан бизиборд ата-аналар үшін нағыз көмекшіге айналды.

Заманауи әлем ақпаратты электронды түрде сақтауға дағдыланса да фотосуреттер әлі де басылуда. Көптеген адам үшін басып шығарылған суреттер экрандағыға қарағанда әлдеқайда жағымды және сенімдірек. Бірақ бұрын қарапайым фотоальбомдар болса, қазір фотокітаптар танымалдылыққа ие. Бүгінгі таңда фотокітаптарды шығару сұранысқа ие. Ал бұл саладағы бизнес айтарлықтай тиімді. Себебі үйде отырып та бастауға болады.

Саңырауқұлақтарды өсіру және сату шағын қалалар үшін тиімді бизнес-идея. Өйткені бұл үлкен инвестицияны қажет етпейді. Бірақ шағын бизнестің бұл түрі физикалық күш салумен және уақыт шектеулерімен байланысты екенін түсіну керек. Саңырауқұлақ өсіру бизнес-идеясы жаңадан бастағандар үшін өте қолайлы. Мәселен, шампиньондар жыл бойы сұранысқа ие.

Бижутерия – зергерлік бұйымдардың қымбат емес аналогы. Бірегей және қайталанбайтын қолдан жасалған зергерлік бұйымдар әрқашан барлық жастағы сатып алушының көңілінен шығады. Ал дүкенде тапсырыс бойынша өз қолымен жасалған бұйымдай даралықты ерекше етіп көрсететін зат сирек кездеседі. Сондықтан зергерлік бұйымдар жасау кәсіпкерге жақсы табыс әкеледі. Бұл бизнестің басты артықшылықтарының бірі – жобаны үйде жүзеге асыруға болады.

Бетті дайындаған **Аслан НҰРАЗҒАЛИ**

НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

АТАНДЫМ ЖӨНЕЛДІКТІҢ ЕШНИЯЗЫ...

Заман қандай болса, ақынның да жазар өлеңі сол заманға лайықты болары сөзсіз. Ешнияз өмір сүрген дәуір – қазақ халқы үшін шапқыншылықтардың толас тауып, елде аз да болса мамыражай өмірдің орнаған кезеңі еді. Сол уақыттары ел-халық өнерге, ойын-сауыққа бет бұрып, еңсесін биік көтере бастаған заман, яғни қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман болды деседі зерттеушілер. Оның ішінде Сыр халқы егін егіп, дархан даласын мыңғыртып мал баққан екен.

Шындық пен адалдықты өміріне серік еткен сөз зергері халықты отансүйгіштік пен татулыққа, сондай-ақ ел бірлігін аңсаумен өмір сүрген ол өзінің өлең-жырлары арқылы өңір жырауларының көшбасшысы атанады. Ол туралы өз шәкіртерінің бірі, шайыр Омар Шораяқұлы «Ұстаздарым» атты өлеңінде:

Ересім жүйрік Ешнияз,
Есіткен жан тоймайтын
Шекермен сөзі барабар, – деп ұстазына баға берсе, Тұрмағамбет ақын «Ел қамын жеген ерлер» атты өлеңінде:
...Өзі түгіл, орнына
Баруға ерлер батпаған,
«Сені ме» деп сырттан қастаған.
Ешнияз сал, Жұбанбай
Жүйрігі еді олардың,
Сылап-сипап наштаған, – деп шайыр өмірін елге дәріптеген.

Ол өмірінің қызыққа толы кезеңдерінде ауылдағы бай-манаптардың кесірінен елден қуылып, өзге жұртты паналайды. Қашып жүріп, сол жылдары Сыр еліне келген күйші Құрманғазымен жолығып, достасады.

Үлкен өнер иесі мына шығармасында былайша жыр сабақтайды.

– Атандым Жөнелдіктің Ешниязы,
Еленбейді есерліктегі естің азы.
Жарқын жүз, жадыраған жастық дәуір,
Секілді Сырдың самал кешкі жазы.
Мен едім Ешниязы Жөнелдіктің,
Сейісіндей сындарлы сөз шеберліктің.
Жай-жағдай жас жеткен соң өзгертіліп,
Болмай жүр бірқатары сенерліктей, – деп жастық шақтың өтпелі екенін ерекше леппен өрнектейді.

Ешнияз сал Жөңілдікұлы төкпе ақын, сазгер болған. Оның «Гөй-гөй», «Дүрдараз», «Әуия» мен «Жүрек сазы» және «Желдірмая», «Айтжан-ай» сынды өлеңдері сол кездері әр ауылда өткен тойларда айтылып, халық сүйіп тыңдайтын, ел жүрегінен ойып орын алған әндер болған. Өнер зерттеушісі А.Затаевич 1925 жылы Орынбор қаласындағы баспадан шығарған «Қазақтың мың әні» атты жинағына Ешнияз салдың алты өлеңін жариялаған.

Қармақшы өңірінің дара тұлғасы Ешнияз салдан тәлім алғандардың бірі – өзінің бел баласы Кете Жүсіп, сонымен бірге шәкірттері Жиенбай, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет сынды жыр алыптары Ешнияз шығармаларын ел-жұртқа насихаттап, оның өмір жолын өрнектеді. Ұстаз ретінде таныды.

Таудай талант иесі тағы бірде:
– Қаумалап қарттық шіркін көндірді ақыр,
Қашсам да қыр ізімнен, сірә, қалмай.
Айтуға әбестеніп жастықтағы,
Көп сырды қойдық қымтап шығара алмай.
Әдеті жаны сүйсінер жақсылардың,
Секілді біреуі іні, бірі ағаңдай.
Жаманы жаттан төмен ағайынның,
Сыпсыңдап сын шығарды, сыр ала алмай, – дейді.

Иә, Ешнияз салды халық тек ақын-әнші және жырау ретінде қабылдаған жоқ. Оны сөз зергері айтыскер ақын ретінде де таныды. Әсіресе Ырысты қыздың 16 ақынға арнаған жұмбақ өлеңінің жауабын шешуге алғашқы болып қатысқан оның жұмбақ шешу өлеңі бүгінгі күнге дейін жетті. Сондай-ақ ақын әрі журналист Мұхамбетжан Серәлінің әкесі Серәлімен, Кенекес ақынмен бір-бірінің елінде болып жатқан оқиғалар мен халқының өмірін суреттеуде айтысқа түскен. Ақынның жырлары мен өлеңдері «Бес ғасыр жырлайды» және «Айтыс» атты жыр жинақтарында жарық көрді.

Басы 1-бетте

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖӘДІГЕР

АСАНАСТАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының Асанас қалашығына 2020 жылы жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлерді археологиялық қорға қабылдады. Орта ғасырлық қалаларға тән көптеген керамикалық бұйымдармен қатар сирек кездесетін археологиялық олжалармен толықты. «Медицинада пайдаланған болуы мүмкін» деген қола ара мен қола қасық табылып, музей қызметкерлері мен археологтарды таң қалдырды. XIII-XIV ғасырларда медицина адам өмірін сақтап қалу үшін хирургиялық ота жасаған деген дерекке аталған жәдігерлер дәлел. Ғажабы, қола ара бүтін сақталған, тұтқасы төмен қаратылып, ұстауға ыңғайлы етіп құйылған. Сабының ұшында зооморфты мүсін бейнеленген. Негізгі бөлігінің сабына жақын тұрған екі жағына да 2 ірі, 3 майда дөңгелекшелер ойылған. Қола ара майда сүйекті кесу үшін пайдаланылған деген деректі археолог мамандар жоққа шығармайды. Араның ұзындығы 24 сантиметр болса, қашауының ұзындығы 18,5 сантиметр, ені 2 сантиметрді құрайды.

Қола қасық медицинада саусақтан не тамырдан қан алу үшін пайдаланылған болу керек. Қасық сабының үшкір келуі бекер емес. Ине қызметін атқарды десек, қателеспеспіз. Қасықтың ұзындығы 14 сантиметрде, ал диаметрі 3,1 сантиметрге тең.

Қазақта «Шырағың сөнбесін!», «Отың өшпесін!» деген мәні тереңде жатқан сөз тіркестері бар. Орта ғасырлық Асанас қаласында әр шаңыраққа, жарық шашып тұрған шырағдан сан мың жылдардан кейін құм астынан бұзылмай шығып, музейге аман жетті. Үйге жарық беріп тұрған орта ғасыр керамикалық шырағданның оты музей экспозициясында қайта жанбақшы. Шырағданның май құятын басты бөлігі бас бармақпен ұстауға ыңғайлы, тұтқасы, пілте жіп салынған ұзын шүмегі бар. Шүмек аузындағы қара күйе шырағданның пайдаланылғанын байқатады. Шырағданның ұзындығы 12,2 сантиметр болса, тереңдігі 119 сантиметрге тең, ернеуінің диаметрі 3,5 сантиметрде, төменгі диаметрі 4 сантиметр. Жалпы биіктігі – 4,7 сантиметр болады. Керамикалық шырағдан XIII-XIV ғасырларға мерзімделеді. Шырағдан от культімен байланысқандықтан киелі саналады.

Сыр өңірі – адамзаттың қалыптасу кезеңіндегі ескерткіштерден бастап, орта ғасырлық, сондай-ақ сәулет өнерінің ерекше үлгісімен салынған ғимараттарға, тарихи мәдени мұраларға өте бай өлке. Соның ішінде ортағасырлық мәдениеттің гүлденуіне өз үлесін қосқан Асанас қалашығының алар орны ерекше. Асанас – ортағасырлық тарихи қала. Жазба деректерде моңғол шапқыншылығынан бастап, жауға табанды қарсылық көрсеткендіктен

жермен жексен қиратылып, халқының көпшілігі қырылған. Сырдарияның бойындағы басқа да қалалар сияқты көп ұзамай қайта қалпына келтіріліп, XIV–XV ғасырларға дейін тіршілік жасаған. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 48 шақырымда, Сырдария ауданына қарасты Айдарлы ауылының оңтүстік-батысына қарай 8 шақырым жерде орналасқан.

Қалашықты 1899 жылы В.А.Каллаур алғашқылардың бірі болып зерттеген, 1946-1961 жылдары С.П.Толстов басқарған Хорезм археология этнографиялық экспедициясы археологиялық қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1968 жылы Іңкәрдария мен Жаңадария өзендерінің ескі арналарындағы ортағасырлық қоныстарды зерттеу мақсатында Хорезм археологиялық отряды Н.Н. Вактурская қалашықта стратеграфиялық қазба жүргізген. Бертін келе, 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы Т.Мәмидің жетекшілігімен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Қорыта келгенде 2020 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген қазба нәтижесімен аршылған маңызды нысандар консервацияланып, табылған жәдігерлер Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорын құнды жәдігерлермен толықтырды.

Гүлжанар ОРАЗАЛИЕВА,
облыстық
тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қызметкері.

МИРАС

Жарысқазан

Ел жадынан жоғалып бара жатқан көне дәстүрлер аз емес. Солардың бірі – жарысқазан.

Бұл ғұрып аяғы ауыр келіншектің толғағы басталған кезде жасалады. Осы күні енесі көрші-көлем, жақын-жуық әйелдерді шақырып, толғағы тез болып, бала ертерек дүниеге келсін деген ырыммен жарыс қазан береді. Қазанға ет салып, жиюлы жүкті шешіп, көрпе-төсектің бәрін жазады. Бұл жоралғы келіннің тезірек босануын тілеумен байланысты. Оны әрбір өңір әр түрлі өткізген. Сондай-ақ мерзімінен бұрын босанып қалмас үшін жүкті әйелдің етегін бүріп қойған. Сәби дүниеге келгеннен кейін ғана бүрілген етектің жібі алынған. Мұның барлығы жарысқазан дәстүріне жатады.

Сонымен қатар келіншек босана алмай қиналып, толғақ ұзаққа созылып кетсе, ошақ басында жүрген әйелдер қазанға пышақты жанып, «қазан бұрын пісе ме, қатын бұрын босанама?» деп дауыстап айтқан. Сөйтіп, еттің пісуі мен толғақты жарыстырған. Ал келіншек аман-есен қол-аяғын бауырына алса, жұртшылық жиылып, босанған келіннің қалжасынан дәм татқан. Алайда соңғы жылдары мұндай дәстүрді орындаудың ауылы алыстап бара жатқандай. Тіпті біз ес білгелі мұндай дәстүрді көрген емеспіз.

– Ертеректе әйелдердің барлығы үйде босанды. Ауылдағы тәжірибелі кейуаналар қаншама сәбидің кіндік шешесі атанды. Оның арасында өзіміз де бармыз. Сол кездері қанша баланы өмірге әкелсек те ауру-сырқауды білмейтін едік. Содан да шығар, алтын құрсақты, батыр аналардың қуатты келетіні. Мәселен, кешегі күнге дейін әрбір шаңырақта кем дегенде 10 баладан болды. Қазіргілер әрі кетсе үшеуден асырмайды. Дегенмен бүгінде оларға барлық жағдай қарастырылған. Ал ол кездері баланың жаялығын жуудың өзі бір жұмыс еді. Мен 15 жасымда үлкен отбасына келін болып түстім. Он екі баланы дүниеге әкелдім. Олардың барлығын да үйде босандым. Сонда енем ауыл кемпірлерін жинап, жарысқазан дәстүрін өткізетін. Расында, жыл өткен сайын бұл ғұрып ұмытылып барады. Тіпті қазір қолданыста да жоқ. Аратұра бұл жайында немерелеріме айтып отырамын. Ал қыздарым мен келіндерімді толғақ қысып, босануға кеткенде қазанға бірден ет саламын. Сөйтіп отбасымның басын қосып, бала-шағамды көріп, бір марқайып қаламыз. Бүгінде бұл дәстүрді келіндерімнің өздері орындап жүр. Өйткені мен енемнен көрген-білгенімді соларға үйреттім. Қазір олар өздерінен кейінгілерге үлгі болуда. Қашаннан қазақ – ырымшыл халық қой. Мұны орындасақ, толғақ жеңіл болатындай көрінеді. Сондықтан бұл дәстүрді ұмытпай, әрдайым ұлықтап отырамыз, – деді көпбалалы ана Мырзакүл Әлшоразова.

Қазақтың тілі бай ғой, шіркін. Жаңа босанған жас ананы түрлі теңеулермен жеткізеді. Атап айтсақ, «қол-аяғын аман-есен бауырына алды», «аман-есен жеңілденді» деген сөздер келіннің дүниеге перзент

әкелгеніне қатысты айтылады. Ал жақсылық хабарды жеткізушілер «атұстар», «құрықұстар келді» деп – ұл баланың, «шай қайнатарың келді, үкінді дайында» деп қыз баланың дүниеге келгенін жеткізіп, бір-бірінен сүйінші сұрасқан. Осыдан-ақ әрбір сөздің айтылатын жері болатынын әрі қазақ халқының тектілігін аңғаруға болады.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

РУХАНИ ҚАЗЫНА

Ерулік

Қазақ халқы – салт пен дәстүрге, әдет пен ғұрыпқа, мәдениетке бай. Қашанда танымы мол, тарихы тереңде жатқан салт-дәстүрді жоғары бағалаймыз. Бұл құндылықтардың ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде алатын орны зор. Соның бірі – ерулік.

Ерулік – жаңа қонысқа көшіп келгендерді үйге шақыру дәстүрі. Мәселен, бөтен ауылға көшіп барғандар алғашында үйренісе алмай тосырқайтыны заңдылық. Сол себептен де бұл жоралғы жаңадан келген қоныстанушыны бөтенсітпей, жаңа ортамен таныстырып, сый-құрмет көрсету мақсатында жасалады. Ертеректе жергілікті тұрғындар көшіп келгендердің үйін тігіп, оларға қолғабыс еткен. Жаңа көршілерін бала-шағасымен қоса үйлеріне шақырып, ерулік ас берді. Бұл ас қысқы соғымның сүбелі мүшелерінен қазы-қарта, жал-жаядан пісірілді. Сонымен қатар қой сойып, арнайы шақырды. Егер көшіп келгендер жас отау болса, оларға ыдыс-аяқ секілді күнделікті қажетті дүниелерді тарту ететін болған.

Бұл дәстүр көбіне малшы қауымында жасалған. Олар жайлауын жайлап, қыстауын қыстап көшіп-қонып жүре беретіні белгілі. Жиырма жылдан аса шопан болған әкем бұл жөнінде:

– Мұндай көріністер жаз айларында жиі болады. Игі дәстүр бойынша соңғы келіп қонған шаңырақ иелеріне бұрын жайғасқан отбасылар ерулік беретінбіз. Бұл – терең мәні бар дәстүр. Яғни көшіп-қонудың абыр-сабыр қиындығын көріп, шаршап-шалдығып жеткен кісілерге ауыл үйлері дастархан жайып, дәм таттырады. Онда жақсы тілек тілейді. Көңіл-ниеті жарасып, бауыр басып қалады. Әсіресе бала-шаға бір-біріне үйренісіп, бір үйдің балалары секілді болып кетеді. Кейін қыстауға көшерде сол көршілерді қимай тұрған кездер де болған. Бір айта кететіні, жыл сайын қанша көшіп жүрсең де, сол ауылдан қимастай жандар табыла кетеді. Бұл қазағымыздың өзіне тән қасиеті болса керек. Олар қиын-қыстау кезде бір-біріне қол ұшын беруден де жалтармайтын. Дәстүрдің тағы бір ерекшелігі осында жатыр. Ол адаммен адамды жақын етеді, – деп үнемі айтып отыратын.

Қазіргі таңда қала тұрмақ, ауылдың өзінде көршілерге бас сұқпайтын кереғар жағдай қалыптасты. Тіпті олармен араласпай, танымайтын көріністер кездеседі. Ал көршіге көрсетілер сый-құрметтің қазақтар үшін өмірлік мәні зор. Олар сондықтан да «Көрші ақысы – тәңір ақысы» деген сөзді ерекше құрметтеген. Қалай болғанда да халқымыздың кеңпейілдігін, жомарттығын, қонақжайлылығын паш ететін бұл дәстүрді дәріптегеніміз абзал.

Айта кететіні, ата-бабадан мұра болып қалған салт-дәстүрлер әрдайым игі мақсатта қолданыста болған. Сол себепті оларды біле жүру, өмірде іске асыру артық етпейді. Ерулік дәстүрін де бүгінгі таңда жаңғырта түсуге болады. Мәселен, ауылға, көше бойына көшіп келген жандарды қонақ етіңіз. Олармен жақын уақытта сырлас, дос, құрбы болып кеткеніңізді өзіңіз де сезбей қаласыз. Осылайша дос-жарандар қатары көбейе түспек әрі дәстүрді жаңғыртуға септігін тигізеді.

Біздің мақсат – уақыт тезінен өтіп, атадан-балаға мирас болып келе жатқан құндылығымызды, қазақтығымызды көрсететін қазынамызды дәріптеп, ұмытпас үшін, болашақ ұрпаққа аман-есен аманаттау.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 **Тапсырыс №1506**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ